

Ақмола облысы Зеренді ауданы Викторовка ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Зеренді ауданы Викторовка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қарашада № 8161 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 08 қазандағы қорытындысы негізінде, Викторовка ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақмола облысы Зеренді ауданы Викторовка ауылының көшесі қайта аталсын: Октябрьская көшесі Бірлік көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

В.Рукавишников